

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті



«БЕКІТЕМІН»
«Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор

Л.Ч.Карабасова

04 2025 ж.

Ақылы негізде бакалавриаттың толық оқу мерзіміне түсетін шетел
азаматтарымен және мерзімді әскери қызмет өткерген ҚР азаматтарымен
әңгімелесу

БАҒДАРЛАМАСЫ

АҚТӨБЕ – 2025


Аталған бағдарлама ақылы негізде оқуға түсетін, шетел азаматтары және мерзімді әскери қызметті өткерген Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылатын талапкерлермен әңгімелесуді жүргізуге арналған.

Әңгімелесудің мақсаты – талапкердің мотивация деңгейін, коммуникативтік дағдыларын және таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша жалпы түсінігін анықтау.

Құрастырушы:

Алдажарова А.А. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Мансап және кәсіптік бағдарлау департаментінің маманы

**Мансап және кәсіптік бағдарлау
департаментінің директоры**



Жұмағазиев Ә.Х.

Әңгімелесу бағдарламасы Академиялық кеңесінде бекітілді.
Хаттама № 8, «10» сәуір 2025 ж.

**Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер
жөніндегі проректор**

Мясникова Л.Н.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі – Университет) әңгімелесуді өткізу бағдарламасы шетелдік талапкерлерді, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды Университетке бакалавриатқа ақылы негізде қабылдау кезінде әңгімелесуді өткізу тәртібін реттейді.

1.2 Осы Бағдарлама ресми құжаттардың негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 2 тамыздағы №387 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сабақтас топтарының сәйкестігіне әдістемелік ұсынымдар;

- Университетке оқуға қабылдау ережесі;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 шілдедегі №268 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидалары;

- Жоғары оқу орындарына қабылдау мәселелері бойынша басқа да заңнамалық, нормативтік актілер және нұсқаулық хаттар.

1.3 Әңгімелесу нәтижесі «ұсынылады» / «ұсынылмады» деп бағаланады.

1.4 Әңгімелесу шетел азаматтары мен мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтардың қалауымен онлайн немесе оффлайн форматта жүргізіледі.

1.5 Әңгімелесу комиссиясы әр талапкермен жекелей өткізіледі.

1.6 Әңгімелесу комиссиясының құрамы университеттің доктор, ғылым кандидаты дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі, тиісті сала бойынша магистр дәрежесі бар университеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан құрылады. Әңгімелесу комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

1.7 Әңгімелесу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. «Шетел филологиясы» ББ, Хериот-Уотт кампусының «6B07108 Электрэнергетика», «6B07209 Мұнай инженериясы және энергоменеджмент», «6B06107 Компьютерлік инженерия» БББ тек ағылшын тілінде жүргізіледі.

1.8 Университеттің Қабылдау комиссиясы өткізген әңгімелесу нәтижелері бойынша оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес – академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

1.9 Әңгімелесу нәтижесі 1, 2 қосымшаға сәйкес әңгімелесу хаттамасымен және әңгімелесу туралы есебімен рәсімделеді. Әңгімелесу есебінде талапкерге қойылған сұрақтар жазылады.

1.10 Оқуға түсу кезінде талапкерлерге әңгімелесуден үзінді беріледі және олардың жеке істерінде сақталады. Оқуға түспегендердің әңгімелесуден үзіндісі қабылдау емтихандары аяқталғаннан кейін бір жылдан кейін жойылады.

1.11 Әңгімелесу кестесін әр факультет деканы белгілейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді. Әңгімелесу кестесі университеттің ресми сайтына жарияланады және оны талапкерлерге техникалық хатшылар хабарлайды.

1.12 Әңгімелесу ведомостінен үзіндісін емтихан комиссиясының хатшысына қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы әңгімелесу өтетін күні береді.

1.13 Әңгімелесуге келген талапкерлер аудиторияға төлқұжат (паспорт) немесе жеке куәлік көрсеткен кезде, сондай-ақ құжаттарды қабылдау туралы қолхат болған жағдайда кіргізіледі.

2 НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Әңгімелесуде шетелдік талапкер мен әскери қызметін өткерген азаматтарға қойылатын негізгі талаптар:

1. «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ таңдаудағы себебін ашық жеткізе білуі;
2. Таңдап отырған ББ бойынша қызығушылығын көрсетуі;
3. Әңгімелесу сұрақтарына нақты жауап беруі.

3 ШЕТЕЛДІК ТАЛАПКЕРЛЕРМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУ СҰРАҚТАРЫ

I. Жеке тұлға және ортасы

1. Өзіңіз және отбасыңыз туралы қысқаша айтып беріңіз.
2. Өзіңізді үш сөзбен сипаттасаңыз, қандай сөздер болар еді? Неліктен?
3. Сізге үлгі болатын тұлға бар ма?
4. Өміріңізде қандай оқиғалар университетке түсуде әсер етті?

II. Академиялық мотивация

5. Неліктен осы мамандықты таңдадыңыз?
6. Осы салада сізге қандай тақырыптар ерекше қызықты?
7. Сіз қалай оқисыз – сіздің оқу стратегияңыз немесе тәртібіңіз бар ма?
8. Сіз мақтан тұтатын бір оқу жобасын немесе жұмысты сипаттап беріңіз.
9. Сіз жеке жұмыс жасағанды ұнатасыз ба, әлде топпен бе?

III. Университет және Қазақстан

10. Неліктен Қазақстанда оқуды жөн көрдіңіз?
11. Неліктен дәл Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін таңдадыңыз?
12. Қазақстанның мәдениеті мен білім беру жүйесінің қандай тұстары сізді қызықтырады?
13. Біздің университет пен бағдарламалар туралы не білесіз?
14. Бұл университетке түсу мүмкіндігі туралы қалай білдіңіз?

IV. Академиялық және кәсіби мақсаттар

15. Алдағы 4 жылға академиялық мақсаттарыңыз қандай?
16. Университеттен кейін қандай мамандықта жұмыс жасағыңыз келеді?
17. Оқу бітіргеннен кейін Қазақстанда қалуды жоспарлайсыз ба?

18. Өзіңіз үшін мінсіз жұмысты қалай елестетесіз?
19. Магистратураға немесе докторантураға түсу жоспарыңызда бар ма?
- V. Қабілеттер, қасиеттер, көшбасшылық
20. Қиындықтарды жеңуге қандай жеке қасиеттеріңіз көмектеседі деп ойлайсыз?
21. Сіз көшбасшылық қабілетіңізді көрсеткен жағдай болды ма?
22. Волонтерлік немесе мектептегі ұйымдарға қатысқан тәжірибеңіз бар ма?
23. Стресті қалай жеңесіз, дедлайндарға қалай дайындаласыз?
- VI. Интеграция және университеттік өмір
24. Студенттік өмірге белсенді араласуды қалайсыз ба (клубтар, үйірмелер, іс-шаралар)?
25. Жаңа тілдік және мәдени ортаға қалай бейімделесіз деп ойлайсыз?
26. Шетелдік студент ретінде университет қауымдастығына не әкеле аласыз?
- VII. Сыни ойлау және мәселе шешу
27. Қиын жағдаймен бетпе-бет келіп, оны қалай шешкеніңізді сипаттап беріңіз.
28. Маңызды емтиханнан өтпей қалсаңыз, қандай әрекет жасар едіңіз?
- VIII. Жеке даму және шабыт
29. Сізді өмірде не шабыттандырады?
30. Университетте ең алдымен қандай дағдыны дамытқыңыз келеді?

4 МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІН ӨТКЕРГЕН АЗАМАТТАРМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУ СҰРАҚТАРЫ

- I. Жеке ақпарат және өмірлік тәжірибе
1. Өзіңіз туралы қысқаша айтып беріңіз (аты-жөніңіз, туған жеріңіз, білім деңгейіңіз).
2. Әскер қатарында қай бөлімде және қай өңірде қызмет атқардыңыз?
3. Қандай да бір қиын жағдайларды жеңіп шықтыңыз ба? Ол не үйретті?
- II. Білімге деген көзқарас
4. Неліктен дәл қазір университетке түсу туралы шешім қабылдадыңыз?
5. Қай мамандықты таңдадыңыз және неліктен?
6. Бұрынғы біліміңіз бен әскери тәжірибеңіз бұл мамандықпен қалай байланысты?
7. Сіздің ойыңызша, жоғары білім сіздің болашағыңызға қандай мүмкіндік береді?
- III. Академиялық дайындық және мақсаттар
8. Алдағы 4 жылда қандай академиялық мақсаттарыңыз бар?
9. Қандай пәндер сізге оңай, ал қайсысы қиын? Неліктен?
10. Сіз топпен жұмыс істеуге қаншалықты бейімсіз?
- IV. Мансап және жеке даму
11. Университет бітіргеннен кейін қандай салада жұмыс істеуді қалайсыз?
12. Әскери тәжірибеңізді болашақта қалай қолданғыңыз келеді?
13. Сіз болашақта өз мамандығыңыз бойынша елге қандай үлес қосқыңыз келеді?
- V. Жеке қасиеттер және көшбасшылық
14. Өзіңіздің қандай жеке қасиеттеріңізді мықты тұстарыңыз деп санайсыз?
15. Көшбасшылық тәжірибеңіз болды ма? Әскерде ме, әлде мектепте?

16. Дағдарыс жағдайында шешім қабылдауға қаншалықты дайынсыз?
17. Жауапкершілік, тәртіп, дәлдік сияқты әскердегі қасиеттер оқу процесінде сізге көмектесе ала ма?
- VI. Университеттік өмірге бейімделу
18. Университеттегі студенттік өмірге қалай бейімделемін деп ойлайсыз?
19. Студенттік ұйымдарға немесе еріктілік қызметіне қатысуға дайынсыз ба?
20. Сабақ пен жеке өмірді қалай теңдей үйлестіресіз деп ойлайсыз?

5 ӘНГІМЕЛЕСУДІҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Емтихан комиссиясы оқуға түсушілердің келесі кәсіби маңызды қасиеттерін бағалайды:

- **Мотивация.** Оқу мақсаттарын түсініп, академиялық және кәсіби дамуы туралы көзқарасын жеткізе білуі;
- **Зерттеушілік күзiреттiлiк.** Бакалавриат деңгейiн сәттi аяқтау үшiн қажеттi негiзгi бiлiм мен дағдыларды меңгеруi;
- **Шығармашылық қабiлет.** Берiлген сұрақтарға жаңашылдықпен жауап беру;
- **Коммуникация.** Өз ойларын дәлелдi және логикалық түрде ауызша жеткізе білу, академиялық деңгейде қазақ, орыс немесе ағылшын тiлiнде коммуникация құра бiлу.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Факультет _____

Кафедра _____

Әңгімелесу есебі

Күні:

Уақыты:

Қатысты:

Комиссия төрағасы.....

Комиссия мүшелері.....

Күн тәртібі: Талапкер туралы ақпараттар болуы тиіс (Аты-жөні, азаматтығы және т.б.), таңдаған ББ

Талапкерлерге қойылған сұрақтар:

Талапкердің жауабы:

Шешім.

Комиссия төрағасы: _____ Т.А.Ә

Комиссия мүшелері _____ Т.А.Ә

_____ Т.А.Ә

_____ Т.А.Ә

Комиссия хатшысы _____ Т.А.Ә

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

№_____ Өңгімелесу хаттамасы

(ББ атауы)

Кәсіптік білім негізінде (3 жыл)

Толық оқу мерзіміне (4 жыл)

Өңгімелесу күні _____

Өңгімелесудің басталуы _____

Комиссия мүшелері _____

№	Талапкердің толық аты-жөні	Өңгімелесудің қорытындысы	Комиссия мүшелерінің қолы
		ұсынылады	
		ұсынылады	
		ұсынылады	
		ұсынылады	
		ұсынылады	

Комиссия төрағасы _____

Комиссия хатшысы _____